www.aigak.kz

RESPÝBLIKALYQ APTALYQ GAZET

АЙҒАҚ MEDIA

Gazet Qazaqstan Jýrnalıstıka Akademıasynyń "Altyn Juldyz", Qazaqstan Jýrnalıster odaǵynyń
Turar RYSQULOV jáne Sattar ERÝBAEV atyndaǵy syılyqtarynyń, "Altyn júrek" syılyǵynyń ıegeri

Instagram YouTube facebook Telegram

№46 /sárśenbi/ 11 qaraşa 2026 jyl



БАСПАНА – БАҚЫТ БАСТАУЫ

Баспанаға қол жеткізу – әр отбасының басты арманы, ал әлеуметтік қолдауды қажет ететін азаматтар үшін бұл мәселенің маңызы тіпті жоғары. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев халықтың тұрмыс сапасын жақсарту, әлеуметтік әділеттілікті қамтамасыз ету және азаматтарды қолжетімді тұрғын үймен қамту мәселелерін мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі ретінде айқындап келеді. Осы міндеттер аясында Шымкент қаласында тұрғын үй кезегінде тұрған азаматтарды баспанамен қамту жұмыстары жалғасуда.

Кезекті қуанышты жаңалық – Асар-2 шағынауданында орналасқан 55 пәтердің жаңа иелеріне табысталуы. «Көрме» орталығында өткен салтанатты рәсімге қала әкімі Ғабит Сыздықбеков қатысып, баспаналы болған отбасыларға пәтер кілттерін тапсырды.

Бұл жолы тұрғын үй кезегінде тұрған әлеуметтік осал санаттағы азаматтарға басымдық берілді. Жаңа пәтерлердің иелері қатарында мүгедектігі бар адамдар, көпбалалы және толық емес отбасылар, ерекше қажеттіліктері бар балаларды тәрбиелеп отырған ата-аналар, жесірлер, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған азаматтар бар.

Жаңа баспанаға қол жеткізген отбасылар үшін бұл күн ерекше қуанышқа толы болды. Өйткені жеке тұрғын үйдің болуы – тек тұрмыстық жағдайды жақсарту ғана емес, отбасының тұрақтылығы мен ертеңгі күнге деген сенімін нығайтатын маңызды фактор.

Жалға алу арқылы баспаналы болу мүмкіндігі

Айта кету керек, табысталған 55 пәтер кейіннен сатып алу құқығымен жалға беру тетігі арқылы ұсынылды. Бұл формат азаматтарға тұрғын үйді бірден сатып алмай-ақ, белгіленген шарттар бойынша жалға алып тұруға және келісім талаптарын орындау арқылы кейін оның толыққанды иесі атануға мүмкіндік береді.

Мұндай тұрғын үй тетігі әсіресе бірден бастапқы жарна төлеуге немесе ипотекалық несие рәсімдеуге мүмкіндігі шектеулі отбасылар үшін тиімді. Сонымен қатар баспанамен қамту мәселесін кезең-кезеңімен шешуге, азаматтардың әлеуметтік жағдайын ескеруге жол ашады.

Қалада тұрғын үй саясатын жүзеге асыру барысында халықтың сұранысы мен әлеуметтік санаттардың қажеттіліктеріне баса назар аударылуда. Бұл ретте тұрғын үй кезегінде тұрған азаматтарды баспанамен қамту, жаңа тұрғын үй қорын қалыптастыру және қолданыстағы қолдау тетіктерінің тиімділігін арттыру бағытындағы жұмыстар маңызды орын алады.

Жалпы, Шымкентте әлеуметтік қолдауды қажет ететін отбасыларға тұрғын үй беру – қаланың әлеуметтік дамуындағы басым бағыттардың бірі. 55 отбасының жаңа баспанаға қол жеткізуі осы бағыттағы нақты істердің жалғасы. Әрбір табысталған пәтердің артында талай жылғы үміт пен күту, жаңа өмірге деген сенім бар.

Баспана кілтін иеленген отбасылар үшін бұл күн жаңа кезеңнің бастауы болмақ. Ал қаланың әлеуметтік саясаты үшін тұрғындардың өмір сапасын жақсартуға бағытталған жұмыстың маңызды нәтижесі саналады.

НҰРҒИСА ӘДІЛЕТҰЛЫ ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫНАН КҮМІС ӘКЕЛДІ

Қазақстандық ауыр атлет Нұрғиса Әділетұлы Қытайдың Нинбо қаласында өтіп жатқан әлем чемпионатында күміс медаль иеленіп, ел мерейін үстем етті. Шымкенттік спортшы халықаралық додада жоғары нәтиже көрсетіп, әлемнің үздік ауыр атлеттері қатарынан көрінді.

Отандасымыз қос сайыс қорытындысы бойынша 399 келі салмақты еңсерді. Атап айтқанда, жұлқа көтеруде 182 келіні бағындырса, серпе көтеруде 217 келіні көтерді. Бұл нәтиже оған әлем чемпионатының күміс жүлдесін алуға мүмкіндік берді.



Жарыстың қорытындысы бойынша алтын медаль Болгария спортшысы Карлос Насарға бұйырды. Ол қос сайыста 415 келі (185+230) нәтижесін тіркеді. Екінші орынды 399 келімен Нұрғиса Әділетұлы иеленсе, Иран өкілі Әли Алипур 396 келі (181+215) нәтижемен қола жүлдеге қол жеткізді.

Әлемдік аренадағы бұл жетістік – отандық ауыр атлетика мектебінің әлеуетін тағы бір мәрте танытқан нәтиже. Шымкенттен шыққан спортшының дүбірлі додада жүлдегер атануы қаладағы спорт инфрақұрылымын дамыту, жас таланттарды қолдау және бұқаралық әрі кәсіби спортты өркендету бағытындағы жұмыстардың маңызын да айқындай түседі.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев бұқаралық спортты дамыту, балалар мен жасөспірімдердің спортпен тұрақты айналысуына жағдай жасау және халықаралық жарыстарда ел намысын қорғайтын кәсіби спортшыларды қолдау міндеттерін үнемі назарда ұстап келеді. Нұрғиса Әділетұлының әлем чемпионатындағы табысы – осы бағыттағы еңбектің жарқын нәтижелерінің бірі.

Шымкенттік ауыр атлеттің күміс жүлдесі – ел спорты үшін маңызды жетістік. Бұл жеңіс жас спортшыларға жігер беріп, биік белестерді бағындыруға ынталандыратыны сөзсіз.

ҚОЗҒАЛЫС ЕРКІНДІГІ – ӨМІР САПАСЫНЫҢ КӨРСЕТКІШІ:
ШЫМКЕНТТЕ БУЫН АЛМАСТЫРУ ОТАСЫ ҚОЛЖЕТІМДІ БОЛА ТҮСТІ

Адам денсаулығы мен өмір сапасын жақсарту – әлеуметтік саясаттың негізгі басымдықтарының бірі. Әсіресе тірек-қимыл аппараты ауруларына шалдыққан азаматтарға сапалы медициналық көмек көрсету, заманауи емдеу технологияларын қолжетімді ету – денсаулық сақтау саласындағы маңызды міндет. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өз Жолдауларында медициналық қызмет сапасын арттыру, заманауи технологияларды енгізу және халықтың денсаулығын қорғау мәселелеріне айрықша назар аударып келеді. Бұл бағыттағы жұмыстар Шымкент қаласында да жүйелі түрде жүзеге асырылуда.

Мәселен, жыл басынан бері Шымкентте 200-ден астам адамға тізе, жамбас-сан және иық буындарын алмастыру отасы жасалған. Жоғары технологиялы медициналық көмектің бұл түрі буын аурулары салдарынан қозғалысы шектелген науқастардың денсаулығын жақсартып, қалыпты өмірге қайта оралуына мүмкіндік береді. Ең бастысы, құны 1,5 миллион теңгеден асатын күрделі оталар қаладағы екі медициналық ұйымда міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (МӘМС) жүйесі есебінен тегін жүргізіледі.

Бұл – медициналық қызметтің қолжетімділігін арттырып қана қоймай, қымбат хирургиялық емді қажет ететін азаматтардың қаржылық жүктемесін азайтуға бағытталған маңызды қадам. Өйткені буын аурулары адамның күнделікті тіршілігіне тікелей әсер етіп, жүріп-тұру, баспалдақпен көтерілу, тіпті қарапайым тұрмыстық жұмыстарды орындау мүмкіндігін шектеуі мүмкін.

Қалалық №1 клиникалық ауруханада жуырда күрделі хирургиялық оталардың бірі 67 жастағы әйелге жасалды. Науқас 15 жылдан бері оң жақ тізе буынының деформациялық артрозымен ауырып келген. Уақыт өте келе ауру асқынып, буынның қалыпты қызметі бұзылған. Дәрі-дәрмекпен емдеу және басқа да консервативті тәсілдер күткен нәтиже бермегендіктен, дәрігерлер зақымданған буынды толық эндопротездеу туралы шешім қабылдаған.

Ота шамамен 1,5 сағатқа созылған. Хирургиялық араласу кезінде аймақтық жансыздандыру әдісі қолданылып, пациент есін толық біліп жатқан. Ауруханада мұндай күрделі оталарды ортохирургия бөлімінің меңгерушісі Нұржан Естемесов бастаған тәжірибелі мамандар тобы жүргізеді. Дәрігерлердің айтуынша, эндопротездеу – зақымданған буынның қызметін жасанды имплант арқылы алмастырып, адамның қозғалу қабілетін қалпына келтіруге бағытталған тиімді хирургиялық әдіс.

– Артроз кезінде буынның шеміршегі мен сүйек беттері біртіндеп мүжіліп, адамның қозғалысы шектеледі. Ауру асқынған жағдайда ауырсыну күшейіп, науқастың күнделікті тіршілігіне кедергі келтіреді. Ота барысында зақымданған буын беттері алынып, орнына арнайы имплант орнатылады. Біздің ауруханада АҚШ-та өндірілген эндопротездер қолданылады. Оңалту кезеңі шамамен 2-6 айға созылады. Осы уақыт ішінде науқас біртіндеп өздігінен жүріп-тұруға бейімделеді. Негізгі мақсатымыз – ауырсынуды азайтып, қозғалыс мүмкіндігін қалпына келтіру, – дейді Нұржан Естемесов.

Мамандардың түсіндіруінше, эндопротездеу отасы буындардың ауыр дәрежеде зақымдануы кезінде қолданылады. Атап айтқанда, тізе және жамбас-сан буындарының гонартрозы мен коксартрозы, жамбас сүйегі мойнының сынуы, сан сүйегі басының асептикалық некрозы, сондай-ақ түрлі жарақаттар салдарынан буын қызметі бұзылған жағдайда жасалады.

Бұл ретте Мемлекет басшысы белгілеген медициналық қызмет сапасын арттыру, заманауи технологияларды кеңінен енгізу және азаматтардың өмір сүру ұзақтығы мен сапасын жақсарту міндеттері нақты істермен сабақтасып отыр.

Шымкентте жыл басынан бері 200-ден астам азаматтың буын алмастыру отасынан өтуі – осы бағыттағы жұмыстың нәтижесі. Ең маңыздысы, мұндай медициналық көмек адамдарға ауырсынудан арылып қана қоймай, өздігінен жүріп-тұруға, қоғамдық өмірге белсенді араласуға және күнделікті тіршілігіне қайта оралуға жол ашады. Демек, заманауи медицинаның жетістігі – тек ауруды емдеу емес, адамның өмір сапасын жақсарту.

Бетті дайындаған: Ұлжан ҚАСЫМЖАНҚЫЗЫ.

ЦИФРЛАНДЫРУ – ҚАЛА ДАМУЫНЫҢ ЖАҢА БАҒЫТЫ

Бүгінде цифрландыру мен жасанды интеллектіні дамыту ел экономикасының бәсекеге қабілеттілігін арттыратын негізгі факторлардың біріне айналды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына арнаған Жолдауларында цифрлық технологияларды барлық салаға енгізу, жасанды интеллект мүмкіндіктерін тиімді пайдалану, IT мамандарын даярлау және инновациялық кәсіпкерлікті қолдау мәселелеріне айрықша назар аударып келеді. Президент айқындаған осы басымдықтар Шымкент қаласында да нақты жобалар арқылы жүзеге асырылуда.

Қазіргі таңда мегаполисте цифрлық инфрақұрылымды жетілдірумен қатар, IT саласындағы жас мамандарды қолдау, стартап жобаларды дамыту, білім беру мен денсаулық сақтау жүйесін технологиялық тұрғыдан жаңғырту бағытында ауқымды жұмыстар жүргізілуде. Бұл бастамалардың барлығы қаланың инновациялық әлеуетін арттырып қана қоймай, тұрғындарға көрсетілетін қызметтердің сапасын жақсартуға, басқару жүйесінің ашықтығы мен тиімділігін қамтамасыз етуге бағытталған.

IT экожүйесі қалыптасып келеді

Шымкенттегі IT HUB осы бағыттағы негізгі алаңдардың біріне айналды. Орталық ашылғалы бері мұнда 300-ге жуық түрлі іс-шара өткізіліп, 6 мыңға жуық келуші тіркелген. Бұл көрсеткіш қала жастарының цифрлық технологияларға, бағдарламалау мен инновациялық кәсіпкерлікке деген қызығушылығының артып келе жатқанын аңғартады.

Сонымен қатар 300 студент өндірістік және оқу тәжірибесінен өтіп, теориялық білімін тәжірибемен ұштастыруға мүмкіндік алды. Жастардың жаңа идеяларын қолдап, оларды нақты бизнес жобаларға айналдыру мақсатында арнайы «Future Makers» стартап қауымдастығы құрылды. Қауымдастық аясында ұйымдастырылған сегіз кездесуге 48 қатысушы тартылып, стартап мәдениетін қалыптастыру, жобаларды дамыту және тәжірибе алмасу бағытында жұмыстар жүргізілді.

IT саласындағы мүмкіндіктерді кеңейтуге бағытталған тағы бір маңызды бастама – әйелдердің цифрлық сауаттылығын арттыруға арналған «Tech Dames» қауымдастығы. Бүгінде аталған бірлестік аясында 20 іс-шара ұйымдастырылып, 200-ден астам қатысушы қамтылған. Бұл бастама әйелдердің технологиялық кәсіпкерлікке араласуына, цифрлық дағдыларын жетілдіруіне және жаңа мамандықтарды меңгеруіне жол ашып отыр.

Ал жас буынның техникалық білімге қызығушылығын ерте жастан қалыптастыру мақсатында HUB жанынан «RoboPark.kz» қосымша білім беру орталығы ашылды. Мұнда оқушылар робототехника мен Python бағдарламалау тілінің негіздерін меңгеруде. Қазіргі таңда 65 бала аталған орталықта тегін білім алып жатыр. Мұндай білім беру алаңдары болашақ IT мамандарының қалыптасуына негіз болып, балалардың логикалық ойлау, шығармашылық ізденіс және техникалық шешім қабылдау қабілеттерін дамытуға ықпал етеді.

Технопарк резиденттері қатарында «QazTracker», «Alaqan», «Puls.kz», «Art Code», «Florax», «Qalam AI» секілді стартап жобалар бар. Олардың қызметі цифрлық шешімдер әзірлеу, технологиялық өнімдерді жетілдіру және нарыққа жаңа инновациялық ұсыныстар енгізумен байланысты. Бұл – Шымкентте IT кәсіпкерліктің біртіндеп қалыптасып, жергілікті стартаптардың дамуына қолайлы орта жасалып келе жатқанының көрінісі.

Жаңа буын мамандарын даярлауға басымдық берілуде

Инновациялық экожүйені қалыптастырудағы маңызды қадамдардың бірі – білім беру саласына жаңа оқыту үлгілерін енгізу. Осы мақсатта биыл 24 сәуірде Тәшенев университетінің базасында «Tomorrow School» цифрлық білім беру мектебі ресми телемост форматында ашылды.

Аталған мектептің негізгі білім беру бағдарламасы 18 айға жоспарланған. Оқу барысында 20-дан астам заманауи технология бағыты бойынша білім беру және 50-ден астам жобаны жүзеге асыру көзделген. Бүгінгі таңда мектепке 935 студент тіркеліп, оның 408-і оқуға қабылданған.

Бұл бастаманың маңызы – еңбек нарығында сұранысқа ие цифрлық мамандарды даярлау, жастардың практикалық дағдыларын қалыптастыру және өңірдің технологиялық дамуына қажетті адами капиталды нығайту.

Өйткені цифрлық экономиканың өркендеуі ең алдымен білікті мамандарға, жаңашыл ойлауға және технологияны нақты өндірістік әрі әлеуметтік міндеттерді шешуге бағыттай білуге байланысты.

Білім беру саласындағы ашықтық пен қауіпсіздік

Қаланың цифрлық трансформациясы тек IT мамандарын даярлаумен шектелмейді. Әлеуметтік салаларға заманауи технологияларды енгізу де күн тәртібіндегі маңызды міндеттердің бірі. Соның ішінде білім беру жүйесінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету, қаржылық үдерістердің ашықтығын арттыру және басқару тетіктерін жетілдіруге бағытталған бірқатар жобалар қолға алынған.

Солардың бірі – «Айқын» жобасы. Оның негізгі мақсаты – білім беру ұйымдарындағы қауіпсіздікті күшейту үшін бейнебақылау жүйесін жаңғырту, қажетті аппараттық-бағдарламалық кешендер мен құрылымдық кабельдік жүйелерді орнату.

Жоба аясында мердігер ұйым ретінде «Transtelecom» ЖШС анықталған. Қазіргі уақытта 97 мектепке аппараттық-бағдарламалық кешен орнатылып, 136 білім беру ұйымында құрылымдық кабельдік жүйелерді жүргізу жұмыстары атқарылуда. Жыл соңына дейін 147 мектепке жалпы саны 10 290 бейнебақылау камерасын орнату жоспарланған.

Бұл жүйе білім беру ұйымдарындағы қауіпсіздік деңгейін арттырып қана қоймай, мектеп аумағындағы жағдайды жедел бақылауға, ықтимал құқық бұзушылықтардың алдын алуға және жауапты қызметтердің әрекетін үйлестіруге мүмкіндік береді.

Ал «Qarqyn» жобасы білім беру саласындағы қаржылық және әкімшілік үдерістердің ашықтығын қамтамасыз етуге бағытталған. Бірыңғай интеграциялық жүйе арқылы ақпараттық платформалардағы қаржыландыру үдерістерін бақылау және қадағалау көзделген.

Жүйе мектепке дейінгі, қосымша, жалпы орта, техникалық және кәсіптік білім беру салаларын, инклюзивті білім беру мәселелерін, кадрлық басқару, қаржы, бухгалтерия және құжат айналымы бағыттарын қамтиды. Сонымен бірге «Kundelik», «1С», «Balabaqsha», «Qosymsha», «Pana», «Smartnation» және «Sana» тарификациялық базасы секілді ақпараттық жүйелермен интеграцияланған.

Мұндай цифрлық тетік деректердің бірізділігін қамтамасыз етіп, қайталанатын жұмыстарды азайтуға, басқарушылық шешімдердің дәлдігін арттыруға және қаржы ресурстарының тиімді пайдаланылуын бақылауға жағдай жасайды.

Қала қозғалысын басқаруда – ақылды технологиялар

Мегаполистегі көлік қозғалысын реттеу, жолдағы кептелістерді азайту және жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында интеллектуалды көлік жүйелері кезең-кезеңімен енгізілуде.

Бүгінде қаланың 355 көше қиылысында ITS интеллектуалды көлік жүйесі іске қосылған. Бұл жүйе жол қозғалысын заманауи бағдарламалық-аппараттық құралдар арқылы бақылауға және басқаруға мүмкіндік береді.

ITS жүйесінің басты артықшылығы – тәулік бойы, яғни 24/7 режимінде автоматты мониторинг жүргізілуі. Соның нәтижесінде бағдаршамдардың жұмысындағы ақаулар дер кезінде анықталып, қалалық қызметтердің оларға жедел әрекет етуіне мүмкіндік туады. Алдағы уақытта жүйені кезең-кезеңімен кеңейту көлік ағынын тиімді басқаруға, жол инфрақұрылымының жұмысын үйлестіруге және тұрғындардың қауіпсіз қозғалысын қамтамасыз етуге ықпал етеді.

Қоғамдық көлік саласында да цифрлық қызметтердің мүмкіндігі кеңейіп келеді. Осы бағыттағы «Avtobys» электрондық төлем жүйесі жолаушыларға жолақыны қолма-қол ақшасыз төлеуге жағдай жасайды. Төлем көлік картасы, мобильді қосымша, QR-код, NFC технологиясы және банк карталары арқылы жүзеге асырылады.

Бұл жүйе жолаушылар үшін төлем жасауды жеңілдетумен қатар, қоғамдық көлік саласындағы есеп айырысу үдерісін автоматтандыруға, қызмет көрсету сапасын жақсартуға және тасымалдау жүйесіндегі ашықтықты арттыруға мүмкіндік береді.

Денсаулық сақтау саласына жасанды интеллект енгізілуде

Мемлекет басшысы денсаулық сақтау жүйесінің сапасын арттыруда цифрлық технологиялар мен жасанды интеллект мүмкіндіктерін пайдаланудың маңызын бірнеше рет атап өткен болатын. Шымкентте де медицина қызметінің тиімділігін арттыруға бағытталған бірқатар жобалар іске асырылуда.

Солардың бірі – «PULS AI» интеллектуалды медициналық ассистенті.

Жүйе дәрігерлерге науқастың жағдайын бағалау, ықтимал диагноздарды қарастыру және емдеу тактикасын таңдауда қосымша ақпараттық қолдау көрсетуге арналған. 2025 жылы жоба 13 мемлекеттік емханада пилоттық режимде енгізілді. Ал биыл тағы 7 мемлекеттік емханамен коммерциялық негізде келісімшарт жасалған.

Медицина саласындағы тағы бір цифрлық шешім – «103 Yandex» сервисі. Ол Yandex Maps платформасы арқылы жедел жәрдем көлігінің қозғалысын бақылауға және оның науқасқа жету уақытын нақты режимде көруге мүмкіндік береді. Қазіргі таңда жүйе арқылы бірінші және екінші санаттағы науқастардың шақыртулары өңделуде. Бұл жедел медициналық көмектің жұмысын үйлестіруге және шақыртуларға ден қою үдерісін жетілдіруге бағытталған.

Сонымен қатар медицина қызметкерлерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін смарт-бейнежетондар жүйесі енгізілді. 2025 жылы пилоттық жоба аясында 5 бейнежетон қолданысқа берілген болатын. Биыл жедел жәрдем қызметінің 120 бригадасы жалпы саны 240 бейнежетонмен толық қамтамасыз етілді. Бұл құрылғылар қызмет барысында туындауы мүмкін даулы жағдайлардың алдын алуға, оқиғаларды тіркеуге және медицина мамандарының құқықтарын қорғауға көмектеседі.

Ал инсультті ерте анықтауға арналған «Cerebra AI» жасанды интеллект жүйесі №2 қалалық емханада сәтті енгізілген. Жүйе компьютерлік томография суреттерін талдау арқылы инсульт белгілерін ерте анықтауға көмектеседі. Қазіргі уақытқа дейін платформада 1 802 клиникалық жағдай тіркеліп, өңделген. Оның ішінде 250 геморрагиялық және 462 ишемиялық инсульт жағдайы анықталған.

Бұл технологиялардың медицина үшін маңызы зор. Себебі инсульт кезінде диагнозды дер кезінде қою және тиісті медициналық көмек көрсету науқастың өмірі мен денсаулығын сақтауда шешуші рөл атқарады.

Инженерлік инфрақұрылымда да цифрлық бақылау күшейтілуде

Қала тіршілігінің тұрақты жұмыс істеуі инженерлік-коммуналдық инфрақұрылымның жағдайына тікелей байланысты. Осы орайда жылу желілерінің техникалық жай-күйін бақылау және құбырлардың пайдалану мерзімін бағалау үшін жасанды интеллект технологиясына негізделген жоба қолға алынған.

Жоба құбырлардың ішкі жағдайын арнайы технологиялар арқылы тексеріп, олардың қалдық ресурсын анықтауға мүмкіндік береді. 2025 жылы жүйе қаладағы 7 мекенжайда пилоттық режимде іске қосылды. Ал биыл осы бағыттағы жұмыстарды жалғастыру үшін 7 шақырым желіні қамтуға тиісті қаражат бөлінген.

Қалалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бағытында «Дрондардың бірыңғай инфрақұрылымы» жобасы да жүзеге асырылуда. «Қазақтелеком» АҚ-мен бірлескен пилоттық кезеңде Шымкентке 5 дрон орналастырылып, олардың көмегімен 350-ден астам қашықтықтан мониторинг жүргізілген.

Ұшқышсыз ұшу аппараттары қала аумағын әуеден бақылап, өрт ошақтарын ерте анықтауға, төтенше жағдайлардың таралу аймағын бағалауға және тиісті қызметтердің алдын алу шараларын жедел ұйымдастыруына мүмкіндік берді.

Жобаның тиімділігін ескере отырып, қаланың ұшқышсыз мониторинг инфрақұрылымын кеңейту мақсатында коммерциялық негізде тағы 16 дрон орналастырылды. Бүгінде осы бағытта 400-ге жуық қашықтықтан бақылау жұмыстары жүргізілген. Бұл төтенше жағдайлардың алдын алу, қалалық аумақтарды бақылау және қауіпсіздік шараларын күшейту ісінде жаңа мүмкіндіктерге жол ашады.

Цифрлық жаңғыру – тұрғындар игілігі үшін

Жалпы алғанда, Шымкентте жүзеге асырылып жатқан цифрлық жобалар қаланың технологиялық даму бағытын айқындап отыр. IT HUB-тағы стартаптарды қолдау мен жастарды оқытудан бастап, білім беру мекемелеріндегі қауіпсіздік, қоғамдық көлік төлемі, медициналық диагностика, инженерлік желілерді бақылау және төтенше жағдайлардың алдын алуға дейінгі көптеген салада заманауи шешімдер қолданылуда.

Мұның барлығы Мемлекет басшысы алға қойған цифрлық мемлекет қалыптастыру, жасанды интеллектіні экономиканың негізгі салаларына енгізу және азаматтарға көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыру міндеттерімен үндеседі.

Шымкентте қолға алынған бастамалар мегаполистің инновациялық әлеуетін арттырып қана қоймай, болашақта ақылды қала қағидаттарын қалыптастыруға негіз болады. Цифрлық шешімдердің ауқымы кеңейген сайын қала тұрғындары үшін қолайлы орта қалыптасып, Шымкенттің заманауи технологиялар мен инновациялар орталығы ретіндегі мүмкіндігі де арта түспек.

Шымкентте жасанды интеллект пен заманауи технологияларды енгізу жұмыстары жүйелі түрде жүзеге асырылуда

Бетті дайындаған: Арайлым ӘБСАҒАТ.

ШЫМКЕНТ МЕРГЕНДЕРІ ӘЛЕМДІК АРЕНАДАДА ТОП ЖАРДЫ

Шымкент қаласының спортшылары халықаралық ареналарда жоғары нәтиже көрсетіп, Қазақстанның мерейін үстем етті. Нысана көздеу мен дәстүрлі садақ атудан өткен әлем чемпионаттарында жерлестеріміз жүлделі орындардан көрініп, мергендік шеберліктерін дәлелдеді. Бұл жетістіктер қаланың спорттық әлеуеті артып, ұлттық және олимпиадалық спорт түрлерінің қатар дамып келе жатқанын көрсетеді.

Дохадағы әлем чемпионатында – қола жүлде

Қатар астанасы Дохада 1-14 қараша аралығында өтіп жатқан нысана көздеу және стенд атудан әлем чемпионатында Шымкент қаласының спортшысы Ирина Юнусметова қола медаль жеңіп алды.

Отандасымыз әйелдер арасындағы 50 метр қашықтықтан шағын калибрлі тапаншамен нысана көздеу сайысында 537 ұпай жинап, үздік үштіктен көрінді. Осылайша, ол Қазақстан құрамасының қоржынына дүбірлі доданың алғашқы жүлдесін салды.

Бұл сайыста Түркия өкілі Шеввал Илайда Тархан 546 ұпаймен алтын медаль иеленсе, 542 ұпай жинаған Армения спортшысы Эльмира Карапетян күміс жүлдеге қол жеткізді.

Ирина Юнусметованың нәтижесі – жоғары дайындық пен мергендік шеберліктің жемісі. Әлемнің үздік спортшыларымен бәсекеде жүлдегер атану шымкенттік спорт мектебінің әлеуетін тағы бір мәрте танытты.

Дәстүрлі садақ атудан да толайым табыс



Шымкент мергендерінің тағы бір жарқын жетістігі Оңтүстік Кореяның Ульсан қаласында өткен дәстүрлі садақ атудан алғашқы әлем чемпионатында тіркелді.

Тарихта тұңғыш рет ұйымдастырылған дүбірлі додаға әлемнің 38 елінен 690 спортшы қатысып, ұлттық спорт түріндегі шеберліктерін сарапқа салды. Қазақстан құрамасы жарыс барысында жоғары нәтиже көрсетіп, командалық есепте бірнеше алтын медаль жеңіп алды.

Ал Шымкент қаласының өкілдері командалық сайыста 2 күміс және 2 қола медаль иеленді. Сонымен қатар жекелей сында «Пута» нысанасы бойынша Жәнібек Құлмырзаев қола жүлдегер атанды.

Әлемдік додада қала намысын Мақсат Әбдікәрімов, Сабира Жаппар, Манзура Есенова және Забит Сатоев қорғады. Олардың командалық жарыстағы табысы ұлттық спорттың халықаралық деңгейде танылуына қосылған үлес болды.

Жалпы, Шымкент спортшыларының әлем чемпионаттарындағы бұл жетістіктері қалада кәсіби спортты дамыту мен ұлттық спорт түрлерін жаңғырту жұмыстарының маңызын айқындай түседі. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев бұқаралық спортты дамыту, өскелең ұрпақтың дене шынықтырумен жүйелі айналысуына жағдай жасау және ұлттық спортты кеңінен дәріптеу міндеттеріне ерекше мән беріп келеді.



Осы тұрғыдан алғанда, халықаралық жарыстарда топ жарған шымкенттік спортшылардың жеңісі – жас буынға үлгі, спорт саласындағы жүйелі жұмыстың нәтижесі. Бірі нысана көздеуде дәлдігімен танылса, енді бірі атабабадан мирас болған дәстүрлі садақ атуды әлемдік деңгейде дәріптеп жүр. Бұл – Шымкент спортының бағыт-бағдары кеңейіп, халықаралық бәсекеге қабілеттілігінің артып келе жатқанын аңғартатын қуанышты көрсеткіш.

Спорттағы жеңіс – ел абыройы. Ал әлемдік ареналарда көк байрағымызды көтерген әрбір спортшының жетістігі жас ұрпақтың жеңіске деген жігерін жанитыны сөзсіз.

ҚАЛАНЫҢ ЖАСЫЛ КЕЛБЕТІ: ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЖАҢҒЫРУ МЕН ТАЗА ОРТАҒА БАҒЫТТАЛҒАН ЖҰМЫСТАР

Қалада көгалдандыру, қоғамдық кеңістіктерді жаңарту және қалдықтарды қайта өңдеу бағытында ауқымды жобалар жүзеге асырылуда

Шымкент қаласында экологиялық ахуалды жақсарту, қоршаған ортаны қорғау және тұрғындарға қолайлы өмір сүру кеңістігін қалыптастыру бағытында жүйелі жұмыстар атқарылуда. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың қоршаған ортаны қорғау, елді мекендерді көгалдандыру, экологиялық мәдениетті қалыптастыру және «Таза Қазақстан» жалпыұлттық бастамасын дамыту жөніндегі тапсырмалары аясында қалада бірқатар маңызды жоба қолға алынған. Оның ішінде жасыл аймақтарды көбейту, саябақтарды жаңғырту, су ресурстарын тиімді пайдалану және тұрмыстық қалдықтарды басқару жүйесін жетілдіру мәселелеріне басымдық берілуде.

Қаланың экологиялық келбетін жақсартуға бағытталған ірі жобалардың бірі – бұрынғы қоқыс полигонының орнына салынған Экопарк. Достық шағын ауданында орналасқан, жалпы аумағы 45 гектарды құрайтын бұл нысан бұрын экологиялық тұрғыдан қолайсыз аумақ болған. Қазіргі таңда оның орнына тұрғындардың демалуына және табиғат аясында уақыт өткізуіне арналған жасыл кеңістік қалыптастырылуда.

Экопарк аумағына қалыңдығы 1,5 метр топырақ қабаты төселіп, органикалық тыңайтқыштармен байытылған. Мұнда терек, емен, акация, катальпа, үйеңкі, шаған, сәмбі тал, аққайың секілді ағаштардың 5 мыңға жуық көшеті отырғызылған. Сонымен қатар, аумақта көлемі 12 500 шаршы метр жасанды көл жасалған. Қазіргі уақытта 23 мың шаршы метр аумақта эко-соқпақтар салу, жасыл желектерді суаруға арналған инженерлік инфрақұрылым тарту жұмыстары жүргізілуде. Жоба аясында 15 су ұңғымасы мен үш жабық бассейн салу көзделген.

Алдағы уақытта Экопарк аумағына жарықтандыру шамдарын орнату, спорттық жаттығу алаңдарын салу және жеміс ағаштарын отырғызу жоспарланған. Жобаның ерекшелігі – бұрынғы полигон аумағын экологиялық тұрғыдан қайта қалпына келтіріп, оны қала тұрғындары үшін заманауи демалыс орнына айналдыру. Аталған жұмыстар демеушілердің қаражаты есебінен жүзеге асырылуда.

Қаладағы қоғамдық кеңістіктерді жаңғырту бағытында да бірқатар игі іс атқарылды. Шымкент қаласының күніне орай қайта жаңғыртудан өткен «Жапон» және «City Park» саябақтары тұрғындар игілігіне берілді.

Бұрынғы «Кең баба» саябағы аумағындағы заңсыз пайдаланылған 2,34 гектар жер учаскесі сот шешімімен мемлекет мұқтаждығына қайтарылып, ондағы коммерциялық нысандар алынып тасталды. Босатылған аумақта жапон мәдениетінің ерекшеліктерін бейнелейтін «Жапон» саябағы қалыптастырылды. Мұнда сакура аллеялары, бамбук тоғайлары, сәндік тоғандар, сарқырамалар мен демалыс аймақтары орналасқан.

Сол сияқты бұрынғы «Қиял әлемі» саябағының аумағы да мемлекет мұқтаждығына қайтарылып, заңсыз құрылыстар бұзылды. Оның орнына заманауи талаптарға сай «City Park» саябағы жаңғыртылды. Аумақта субұрқақ, су аллеясы, жасанды көл, амфитеатр, спорт және балалар ойын алаңдары, серуендеу жолдары мен мұз айдыны қарастырылған. Жалпы, екі жоба аясында 7,2 гектардан астам аумақта тұрғындарға арналған жаңа қоғамдық кеңістіктер пайда болды.

Қаланы көркейту мен жасыл желектер көлемін арттыруда гүлзарлар мен сәндік өсімдіктердің де маңызы зор. Биыл қала аумағындағы негізгі магистралдық көшелерге қаланың символына айналған 1,6 миллион біржылдық қызғалдақ және 1,6 миллион көпжылдық гүл отырғызылды. Сонымен қатар, жалпы аумағы 48 мың шаршы метрді құрайтын арнайы гүлзарлар жасақталып, оларға сәндік бұталар мен гүлдер егілді.

Көгалдандыру жұмыстары Темірлан тас жолы, Қазыбек би, Қонаев және Бәйдібек би даңғылдары, Қабанбай батыр, Айбергенов, Республика, Бейбітшілік, Бауыржан Момышұлы, Тәуке хан, Түркістан, Ильяев және Желтоқсан көшелері мен Әл-Фараби алаңын қамтыды.

Су ресурстарын үнемдеу және жасыл желектерді күтіп-баптаудың тиімділігін арттыру мақсатында жалпы ұзындығы 73 шақырым тамшылатып суару жүйесі мен 30 шақырым автоматты суару жүйесі орнатылды. Бұдан бөлек, қаланың 10 көшесі мен жолайрығында тік көгалдандыру жұмыстары жүргізіліп, жалпы саны 1782 гүлді вазон қойылды. Атап айтқанда, Бақбаев, Темірлан тас жолы, Шаяхметов көшелері, Қонаев және Бәйдібек би даңғылдары, Рысқұлов көшесі мен Арғынбеков көшесінің жолайрықтары және басқа да аумақтар қамтылған.

Қаланың табиғи байлықтарының бірі – Қошқар ата өзені. Шымкент аумағы арқылы 20,1 шақырымға созылатын өзен жағалауын кезең-кезеңімен абаттандыру жұмыстары жүргізілуде. Бұл бастама су айдындарының тазалығын сақтаумен қатар, қала тұрғындары үшін қолайлы серуендеу және демалыс орындарын қалыптастыруға бағытталған. Сондай-ақ Елтай тұрғын алабында төтенше жағдайдың салдарын жою және монолитті канал салу жұмыстары қолға алынған. «Гидропроект KZ» ЖШС әзірлеген жобаға сәйкес, «Елтай» каналының 910 метр арнасын бетондау және 1700 метр ЛР10 маркалы Г-тәрізді науа орнату көзделген.

Құрылыстың сметалық құны – 599,526 миллион теңге. Оның ішінде қосылған құн салығы 82,693 миллион теңгені құрайды. Қаржыландыру 2026 жылғы 20 мамырдағы №4 хаттаманың 3-тармағына сәйкес қалалық бюджет резерві есебінен қарастырылған. Ал 30 маусымда жобаға қатысты №5 салалық қорытынды берілген.

Қаладағы экологиялық ахуалды жақсартуда тұрмыстық қалдықтарды басқару, оларды сұрыптау және қайта өңдеу жүйесін жетілдіру айрықша маңызға ие. Осы бағытта Шымкентте заманауи технологияларға негізделген бірнеше инвестициялық жоба жүзеге асырылуда.

Соның бірі – қатты тұрмыстық қалдықтарды термиялық өңдеу арқылы электр энергиясын өндіретін зауыт құрылысы. Жобаны іске асыру үшін SHAANXI CONSTRUCTION ENGINEERING KAZAKHSTAN CO., LTD компаниясымен инвестициялық келісім жасалған. 2026–2028 жылдарға жоспарланған жобаның жалпы инвестициялық құны 100 миллион АҚШ долларын құрайды.

Зауыт тәулігіне 1000 тоннаға дейін тұрмыстық қалдық өңдеп, қуаттылығы 24 МВт электр энергиясын өндіруге мүмкіндік береді. Кәсіпорын іске қосылған жағдайда 80 тұрақты жұмыс орны ашылады. Бұл бастама қоқыс көлемін азайтуға, қалдықтарды кәдеге жаратуға және баламалы энергия өндіру әлеуетін арттыруға бағытталған.

Қазіргі уақытта қала әкімдігі тарапынан қоқыс полигонына жақын орналасқан жалпы көлемі 12 гектар жер телімі инвесторға беріліп, мемлекеттік акт рәсімделген. Құрылыс-монтаждау жұмыстарын бастау үшін электр және сумен жабдықтау жүйелеріне қосылу схемалары айқындалып, тиісті техникалық шарттарға сәйкес инженерлік-коммуникациялық желілерге қосылу мәселелері қамтамасыз етілген.

Бұдан бөлек, тұрмыстық қалдықтарды сұрыптау мен қайта өңдеу жүйесін дамыту мақсатында Clean Village ЖШС-мен 10 жыл мерзімге келісім жасалған. Жоба бойынша жылына 300 мың тонна қалдық сұрыптауға қауқарлы зауыт салу жоспарланып отыр. Осы мақсатта 8 гектар жер телімі сенімгерлік басқаруға беріліп, жобалық-сметалық құжаттамасы әзірленуде. Кәсіпорынды 2027 жылдың төртінші тоқсанында пайдалануға беру көзделген.


Рұқсат етілмеген қоқыс үйінділерімен күрес те тұрақты бақылауда. Ағымдағы жылы «Қазақстан Ғарыш Сапары» ұлттық компаниясының ғарыштық түсірілімдері негізінде қала аумағынан 30 заңсыз қоқыс орны анықталған. Жүргізілген жұмыстар нәтижесінде аталған аумақтардың барлығы тазартылып, қоқыс үйінділері толық жойылды. Қайтадан қоқыс төгуге жол бермеу мақсатында тиі

Жалпы, Шымкентте «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы аясында жүзеге асырылып жатқан жұмыстар қаланың экологиялық жағдайын жақсартуға, санитарлық тазалықты қамтамасыз етуге, жасыл желектер көлемін арттыруға және қоғамдық кеңістіктерді жаңғыртуға бағытталған.

Бұрынғы қоқыс полигонының орнына Экопарк салу, саябақтарды қайта жаңғырту, миллиондаған гүл отырғызу, суару жүйелерін жетілдіру, қалдықтарды өңдейтін заманауи кәсіпорындар ашу – осы бағыттағы кешенді жұмыстың нақты көрінісі. Алдағы жобалардың жүзеге асуы қаланың экологиялық қауіпсіздігін нығайтып, тұрғындар үшін жайлы әрі таза ортаны қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Өйткені таза қала қалыптастыру тек коммуналдық қызметтердің міндеті емес, ол – әрбір тұрғынның ортақ жауапкершілігі. Қоршаған ортаны қорғау мәдениеті күнделікті өмір салтына айналғанда ғана Шымкенттің жасыл келбеті мен экологиялық тұрақтылығы арта түспек.

Бетті дайындаған: Мақсат ТОҚСАНБАЙ.



БИТАБАРОВ ХАЛИЛУЛЛА САБДЕНҰЛЫНЫҢ ӨМІРБАЯНЫ

Мен, Битабаров Халилулла Сабденұлы, 1957 жылы 31 қазанда қазіргі Түркістан облысы, Бәйдібек ауданы, бұрынғы Бөген совхозы, қазіргі Мыңбұлақ ауылдық округі аумағында дүниеге келдім.

1965-1975 жылдары Бөген орта мектебінде білім алдым.

1978-1981 жылдары Шымкент мелиорация техникумының құрылыс бөлімін бітіріп, «Техник-құрылысшы» біліктілігін алдым.

Еңбек жолымды 1975-1978 жылдары Бөген совхозында құрылыс саласынан бастадым. 1981-1991 жылдары Шымкент қаласындағы «Қазсельхозхимия» бірлестігінде, кейіннен «Агробиосельхозхимия» бөлімінде инженер, аға инженер қызметтерін атқардым. Ал, 1991-1994 жылдары «Оңтүстік» құрылыс кооперативінің төрағасы болдым.

1994-2000 жылдары «Байқараған» шағын кәсіпорнының директоры қызметін атқардым.

2010-2020 жылдары «ИП Битабаров» жеке кәсіпкерлігін басқарып, 2020 жылдан бастап зейнеткерлікке шықтым.

Өмірлік тәжірибем құрылыс саласымен, инженерлік қызметпен және шағын және орта бизнесті ұйымдастырумен тығыз байланысты. Ауыл шаруашылығы өндірісінің, құрылыс кооперациясының және жеке кәсіпкерліктің қалыптасу кезеңдерінде тәжірибе жинадым.

1960 жылы 24 мамырда туған Мельдешева Қалия Ілиясқызымен отбасын құрып, 2 қыз, 1 ұл тәрбиелеп өсірдік. Қазір 8 немереміз бар.

Отбасылы, еңбекқор, туған жеріне жанашыр азамат ретінде қоғамдық өмірге белсенді араласуға дайынмын.

Ұраным: «САПАЛЫ ҚҰРЫЛЫС – САПАЛЫ ӨМІР!»

Құрметті Шымкент қаласының тұрғындары! Қадірлі жерлестер!

Мен саналы ғұмырымның 45 жылын құрылыс саласына арнадым. Еңбек жолымды Бөген совхозында қарапайым жұмысшы болып бастап, Шымкенттегі ірі құрылыс бірлестігінде аға инженерге дейін көтерілдім. Кооператив төрағасы қызметін атқарып, кейін жеке кәсіпкер ретінде де еңбек еттім. Құрылыстың қыр-сырын кабинетте отырып емес, құрылыс алаңында жүріп, кірпіш қалап, іргетас құйып, нысандарды пайдалануға беру үдерісіне тікелей араласу арқылы меңгердім.

Бүгінде Шымкент – қарқынды дамып келе жатқан, миллионнан астам тұрғыны бар ірі мегаполис. Қалада тұрғын үйлер, әлеуметтік нысандар, жолдар мен инженерлік инфрақұрылымдар салынып жатыр. Алайда құрылыс қарқынымен қатар оның сапасы, қауіпсіздігі және тұрғындардың мүддесі де бірінші орында тұруы тиіс.

Менің түсінігімде, сапалы құрылыс дегеніміз – тек әдемі ғимарат тұрғызу емес. Ол – ондаған жыл қызмет ететін берік үй, қауіпсіз аула, қолайлы әлеуметтік орта және келешек ұрпаққа қалатын сенімді инфрақұрылым.

Сондықтан сайлауалды бағдарламамды өзім жақсы білетін құрылыс саласының өзекті мәселелеріне, еңбек адамдарының мүддесіне және қала тұрғындарының өмір сапасын жақсартуға бағыттадым.

I.ҚҰРЫЛЫС ҚАРҚЫНЫ ЕМЕС, ҚҰРЫЛЫС САПАСЫ БІРІНШІ ОРЫНДА!

Құрылыс саласындағы ең маңызды мәселе – сапа мен жауапкершілік. Жаңа тұрғын үйлер мен әлеуметтік нысандар уақыт талабына сай салынып қана қоймай, қауіпсіздік талаптарына толық жауап беруі керек. Тұрғындар баспана сатып алғанда немесе әлеуметтік нысан пайдалануға берілгенде оның сапасына күмәнданбауы тиіс.

Осы бағытта мынадай бастамаларды көтеремін:

1.Құрылыс сапасына қоғамдық бақылауды күшейту. Мәслихат жанынан құрамына тәуелсіз инженерлер, тәжірибелі ардагер құрылысшылар мен қоғам өкілдері кіретін қоғамдық кеңес немесе комиссия құруды ұсынамын.

2.Құрылыс жұмыстарындағы ашықтықты қамтамасыз ету. Жаңа тұрғын үйлер мен әлеуметтік нысандарды қабылдау кезінде тұрғындардың пікірін ескеру тетіктерін жетілдіруді қолдаймын. Анықталған кемшіліктер мен оларды жою мерзімі туралы ақпараттың ашық жариялануына ықпал етемін.

3.Мердігер ұйымдардың жауапкершілігін арттыру. Бюджет қаржысына салынған нысандарда құрылыс кемшіліктері анықталған жағдайда мердігердің кепілдік міндеттемелерін толық орындауын бақылауды күшейту қажет.

4.Құрылыс материалдарының сапасына назар аудару. Ғимараттың беріктігі қолданылатын материалдардың сапасына тікелей байланысты.

II. ҚҰРЫЛЫС АРҚЫЛЫ ШЫМКЕНТТІКТЕРДІ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ

Құрылыс – тек ғимарат тұрғызатын сала емес, мыңдаған адамды жұмыспен қамтып отырған маңызды экономикалық бағыт. Әрбір құрылыс нысанының артында жұмысшының маңдай тері, инженердің білімі, шебердің тәжірибесі және бірнеше отбасының күнкөрісі тұр.

Алайда құрылыс алаңдарында жергілікті жұмыс күшін тиімді пайдалану, жастарды тұрақты жұмыспен қамту және еңбек құқықтарын қорғау мәселелері әлі де өзекті.

Осыған байланысты:

1.«Шымкент құрылысшысы» бастамасын көтеремін. Қала бюджетінен қаржыландырылатын құрылыс жобаларында жергілікті тұрғындарды жұмыспен қамту үлесін арттыруды ұсынамын. Мүмкіндік пен заңнама талаптарына сәйкес, мұндай нысандардағы жұмысшылардың кемінде 70 пайызы Шымкент тұрғындары болуын көздейтін тетіктерді қарастыруға бастамашылық жасаймын. Бұл жергілікті еңбек нарығын дамытуға және отбасылардың тұрақты табыс табуына мүмкіндік береді.

2.Құрылысшылардың еңбек құқығын қорғауға басымдық беремін. Жұмысшылардың жалақысы уақытылы әрі толық төленуі, еңбек шарттары заң талаптарына сәйкес рәсімделуі керек. Еңбекақыны жасырын төлеу, әлеуметтік аударымдардан жалтару және еңбек өтілін есепке алу секілді заңбұзушылықтардың алдын алу үшін еңбек инспекциясымен өзара іс-қимылды күшейтуді ұсынамын.

3.Еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесін назарда ұстаймын. Құрылыс алаңдарында жұмысшылардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін жағдайларға жол берілмеуі тиіс. Қауіпсіздік техникасының сақталуын, арнайы киім мен қорғаныс құралдарының берілуін, жұмыс орындарының талапқа сай жабдықталуын бақылауды күшейтуге ықпал етемін.

4.«Ұстаз шебер – жас құрылысшы» тәлімгерлік жобасын ұсынамын. Зейнет жасындағы тәжірибелі құрылысшылардың білімін жастарға үйрету жүйесін қалыптастыру қажет. Білікті мамандар жас жұмысшыларға кәсіптің қыр-сырын үйретіп, олардың кәсіби тұрғыдан қалыптасуына көмектесуі тиіс. Бұл – ұрпақтар сабақтастығын сақтаудың және тәжірибелі мамандардың еңбегін бағалаудың тиімді жолы.

III.КӘСІПТІК БІЛІМДІДАМЫТУ – ЕҢБЕК НАРЫҒЫНЫҢ ТАЛАБЫ

Өзім техникумды бітіріп, техник-құрылысшы мамандығын меңгердім. Қырық бес жылдық еңбек жолымда бір мәселеге көзім анық жетті: қоғамға тек жоғары білімді мамандар ғана емес, өз ісін жетік білетін білікті жұмысшылар да аса қажет.

Бүгінде экономист, заңгер, менеджер мамандары жеткілікті болғанымен, құрылыс саласында сапалы дәнекерлеуші, кранshы, тас қалаушы, сылақшы, әрлеуші және басқа да техникалық мамандарға сұраныс жоғары.

1.Құрылыс колледждерінің материалдық-техникалық базасын жаңартуды ұсынамын. Оқу орындарын заманауи құрал-жабдықтармен, тәжірибелік шеберханалармен қамтамасыз ету және білім беру бағдарламаларын құрылыс нарығының нақты сұранысына бейімдеу қажет.

2. Колледждер мен құрылыс компанияларының байланысын нығайтамын. Студенттердің теориялық біліммен шектелмей, өндірістік тәжірибеден өтуіне жағдай жасау керек. үшінші курс студенттеріне ақылы практика ұйымдастыру, үздік түлектерді тұрақты жұмысқа орналастыру тетіктерін енгізуді ұсынамын.

3.«Алғашқы кәсіп – алғашқы табыс» жобасын қолға алуды ұсынамын. Мектеп оқушыларына ерте жастан кәсіптік бағдар беру, құрылыс саласындағы сұранысқа ие мамандықтармен таныстыру және кәсіби шеберлік сабақтарын ұйымдастыру маңызды.

4.Мектептердегі еңбек тәрбиесінің маңызын арттыруды қолдаймын. Оқушыларды қолөнерге, қарапайым еңбек дағдыларына және шығармашылық жұмысқа баулу қажет. Еңбек сабағы баланың жауапкершілігін қалыптастырып, өз қолымен бір нәрсе жасауға деген қызығушылығын арттырады.

САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМА:

IV. ӘЛЕУМЕТТІК ӘДІЛЕТТІЛІК ЖӘНЕ ҚОЛАЙЛЫ ТҰРҒЫН ОРТА

Құрылыс саласының түпкі мақсаты – адамға жайлы өмір сүру ортасын қалыптастыру. Тұрғын үй салумен қатар оның айналасындағы әлеуметтік инфрақұрылым, балалардың қауіпсіздігі, қарттардың қолайлылығы мен аулалардың абаттандырылуы да ескерілуі тиіс.

Осы бағытта мынадай мәселелерді басымдыққа аламын:

1.Ескі және апатты тұрғын үйлерді жаңғырту. Шымкентте өбден тозығы жеткен үйлер мен жатақханалар мәселесі бар. Мұндай нысандарда тұратын азаматтардың қауіпсіздігі мен тұрмыс жағдайы басты назарда болуы керек. Апатты тұрғын үйлерді кезең-кезеңімен жаңарту, тұрғындарды көшіру және жаңа баспанамен қамтамасыз ету бағдарламаларының орындалуын бақылауға аламын.

2. Жаңа тұрғын үйлердің аулалары толық әрі сапалы жабдықталуы тиіс. Балалар алаңы, спорттық аймақ, жаяу жүргіншілер жолы, автотұрақ және жасыл желек тұрғын үй жобасының ажырамас бөлігі болуы керек.

3. Мүмкіндігі шектеулі азаматтарға қолайлы орта қалыптастыру.

Жаңа тұрғын үйлер мен қоғамдық нысандарда пандустар, лифтілер, арнайы киреберістер және кедергісіз қозғалысқа арналған жағдайлар толық қарастырылуы қажет. Қолжетімді орта – қосымша артықшылық емес, әр азаматтың құқығы.

4.Құрылыс компанияларының әлеуметтік жауапкершілігін арттыру. Құрылыс ұйымдарын ардагерлердің, жалғызбасты қарттардың және әлеуметтік қолдауды қажет ететін отбасылардың тұрғын үйлерін жөндеу жұмыстарына тарту бастамасын көтеремін. «Қамқор құрылысшы» акциясы аясында мұндай қайырымдылық шараларын тұрақты ұйымдастыруға ықпал етемін.

5.Аулаларды абаттандыру мен көгалдандыруға көңіл бөлемін. Тұрғын үйлердің айналасында ағаш отырғызу, демалыс орындарын жасау және балалар мен қарттарға арналған қауіпсіз кеңістіктер қалыптастыру қаланың экологиялық және әлеуметтік жағдайын жақсартады.

ҚҰРМЕТТІ ЖЕРЛЕСТЕР!

Мен депутаттыққа мансап немесе жеке мүдде үшін емес, 68 жасымда өмір бойы жинаған тәжірибемді туған қаламның игілігіне жұмсау үшін үміткер болып отырмын.

Ұл-қыз тәрбиелеп, немере сүйген азамат ретінде Шымкенттің бүгінгі жағдайы ғана емес, келешек келбеті де мені бей-жай қалдырмайды.

Менің басты мақсатым – құрылыс саласындағы кәсіби тәжірибемді халық мүддесіне пайдаланып, сапасыз жұмысқа, жауапсыздыққа және бюджет қаражатының тиімсіз жұмсалуына бейжай қарамау.

Халықпен тұрақты байланыс орнатып, атқарылған жұмыстар туралы ашық есеп беруді азаматтық әрі депутаттық жауапкершілігім деп білемін.

Сапалы құрылыс – қауіпсіз баспана. Қауіпсіз баспана – отбасы тыныштығы. Ал отбасының тыныштығы – қоғам тұрақтылығының негізі.

Шымкенттің жарқын болашағы үшін бірге еңбек етейік!

«САПАЛЫ ҚҰРЫЛЫС – САПАЛЫ ӨМІР!»

Шымкент қаласы мәслихатының депутаттығына үміткер Битабаров Х. Шымкент қалалық Аумақтық Сайлау комиссиясының қорынан төленді

“DARIA ГРУПП” ЖШС тасты ұсақтау-сұрыптау қондырғысына (ҰСҚ) қоршаған ортаға әсер ету рұқсатын алу үшін жасалған жобалық құжаттарға ашық отырыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізілетінін хабарлайды.

Өткізу орны: Түркістан облысы, Сайрам ауданы, Қарамұрт а/о., Қарамұрт ауылы, 171 квартал (тас ҰСҚ алаңында)

Өткізу күні мен уақыты: 2026 жылдың 21 желтоқсан сағат 10:00-де.

Конфереццияға онлайн қосылу:
https://us04web.zoom.us/j/6165408596?pwd=a1-00a3ROUGROYm1xZDZtbXJnTkNRUT09
Конференция идентификаторы: 616 540 8596 Кіру коды: 123456

ХАБАРЛАНДЫРУ

Әсер ету аймағы: Түркістан облысы, Сайрам ауданы, Қарамұрт а/о., Қарамұрт ауылы

Қоғамдық тыңдауға жіберілген құжаттармен келесі ҚО ТРЖ ҰДБ https://ndbecology.gov.kz/, сондай-ақ Жергілікті атқарушы орган «Түркістан облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ сайтының «қоғамдық тыңдау» бөлімінің сайтында https://www.gov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar?lang=kk танысуға болады Мекен-жайы: Түркістан қаласы, Жаңа қала ш.а., 160 кварт., 32 көше e-mail: a.erkebai@ontustik.gov.kz.

Бастамашы: “DARIA ГРУПП” ЖШС мекен-жайы: Түркістан облысы, Сайрам ауданы, Қарасу ауылы, А. Жұбанов көшесі, 71 БСН 140640012845, тел. +7(778)-905-55-55

Орындаушы: «Tabigat8» ЖК, Шымкент қ., 189 кв, 33 үй. тел. +77711515038. Email: zhadra_140992@inbox.ru

Барлық ескертулері мен ұсыныстар, сонымен қарат қосымша ақпаратты мына жерден: https://ndbecology.gov.kz «Ашық жиналыстар» бөлімінде немесе келесі телефон арқылы алуға болады: +7(778)-905-55-55

Географиялық координатсы:
Ендік 42к19’43.37”С, бойлық 70к 0’33.42”В



АКРАМШИКОВ БАХАДИР ФАХРИДДИНОВИЧТЫҢ ӨМІРБАЯНЫ

Мен, Акрамшиков Бахадир Фахриддинович, 1994 жылғы 1 қаңтарда Шымкент қаласында дүниеге келдім. Ұлтым – өзбек. Аты-жөнімді, тегімді өзгерткен жоқпын. Қазақстан Республикасының азаматымын. Азаматтығымды өзгерткен жоқпын.

2000 жылы Шымкент қаласындағы №104 Е.Юсупов атындағы орта мектептің 1-сыныбына қабылдандым. 2006 жылы №112 Б. Садиков атындағы орта мектептің 7-сыныбына ауыстым. 2009 жылы орта білім алдым.

2009 жылы «Сайрам» колледжіне «Емдеу ісі» мамандығы бойынша оқуға түсіп, 2013 жылы аталған оқу орнын бітірдім. 2021 жылы Оңтүстік Қазақстан жоғары медициналық колледжіне «Мейіргер ісінің қолданбалы бакалавры» мамандығы бойынша оқуға түсіп, 2023 жылы тәмамдадым.

Әскери міндеттімін. Әскери шенім жоқ.

Еңбек жолымды 2013 жылғы 2 шілдеде Шымкент қалалық №3 ауруханасының хирургия бөлімшесінде медаға лауазымында жастар практикасы бағдарламасы бойынша бастадым. 2013 жылғы 31 желтоқсанда жастар практикасы мерзімінің аяқталуына байланысты жұмыстан босатылдым.

2014 жылғы 1 наурызда «Сайрам» колледжіне «Мейіргер ісі» және «Фармация» бөлімдерінің меңгерушісі лауазымына жұмысқа қабылдандым. 2024 жылғы 1 маусымнан бастап атқарып жүрген негізгі қызметіме қосымша директордың кәсіптік бағдар беру жөніндегі орынбасары міндеті жүктелді. Қазіргі уақытқа дейін «Сайрам» колледжінде «Мейіргер ісі» және «Фармация» бөлімдерінің меңгерушісі әрі директордың кәсіптік бағдар беру жөніндегі орынбасары қызметтерін атқарып келемін.

Құрметті Сайрам, Қызылсу, Шапрашты, Өтеміс, Таскен және Достық тұрғын алаптарының тұрғындары!

